

Р.С.Каренов

Қара және түсті металдарды, уран кендерін өндіру және өңдеу саласындағы экологиялық жағдайды жақсарту жолдары

Кен-байыту және металлургия өндірістерінің қызмет атқару аймағында қоршаған ортаны қорғау мәселесіне ерекше көңіл бөлінген. Атмосфераны ластайтын зиянды заттары қосарласа бөлінетін кен-металлургия кәсіпорындарындағы жағдай талданған. Кен кәсіпорындарының табиғатты ұтымды пайдалану жүйесіне көшуінің басым бағыттары бөлініп көрсетілген. Бұзылған жерлерді рекультивациялауды интенсификациялауды маңыздылығы негізделген. Алтын кен орындарын ашық әдіспен игерудегі кен үйіндісін сілтілендіру үдерісін жүргізудің экологиялық қауіпсіздігінің маңызы қарастырылған. Атмосфераның зиянды заттармен ластауынан қорғауды жақсартуды қамтамасыз ету мақсатында атқарылатын жұмыстардың негізгі бағыттары келтірілген. Уран кендерін өндіру және өңдеудің радиациялық-экологиялық мәселелерін шешу мүмкіндіктері зерттелген.

R.S.Karenov

Ways of improvement of ecological conditions in the field of extraction and processing of ores black and nonferrous metals, uranium ores

The special attention is given to a problem of preservation of the environment in a zone of functioning of mountain-concentrating and metallurgical manufactures. The situation which has developed at the enterprises of a mountain-metallurgical complex with harmful emissions in atmosphere is analyzed. Priority directions of transition of the mining enterprises are allocated for system of rational wildlife management. The expediency of an intensification рекультивации the broken earths is proved. The importance of ecological safety of conducting process compact выщелачивания is considered at open-cast mining of gold deposits. The basic directions of works for the purpose of maintenance of improvement of protection of atmosphere from pollution by harmful substances reveal. Possibilities of the decision of rational-environmental problems of extraction and processing of uranium ores are studied.

ӘОЖ 504.064.4

М.Қожахмет, А.Ш.Ақыжанова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Қазақстан мен Ресей арасындағы байланыстарға экономикалық-географиялық баға беру

Мақалада Қазақстан мен Ресей арасындағы экономикалық-географиялық байланыстар туралы мәселелер қарастырылған. Оның ішінде жалпы ішкі өнім, сыртқы сауда айналымы мен экспорттық және импорттық потенциалдың динамикасы, құрылымы, негізгі проблемалары мен тиімді даму жолдары көрсетілген. Сонымен бірге тікелей инвестиция, ғылыми-техникалық пен көліктік байланыс, бірлескен кәсіпорындар туралы сұрақтар қозғалған.

Кілтті сөздер: мемлекет, мұхит, теңіз, халық, экономика, шаруашылық, электрэнергия, мұнай, газ, көмір, шойын, болат, автомобиль, трактор.

Ресей Федерациясы (РФ) — Еуропаның шығыс және Азияның солтүстік бөлігінде орналасқан мемлекет. Атлант, Солтүстік Мұзды және Тынық мұхиттарының теңіздерімен шекараласады. Ресейдің аумағының көлемі — 170754 мың шаршы шақырым, дүние жүзінде бірінші орынды, Қазақстан Республикасы (ҚР) — 27249 мың ш.ш. тоғызыншы орынды алады. Шекараларының жалпы ұзындығы 58562 ш (құрғақтағысы — 14253, судағысы — 44309 ш.). Оның ішінде оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында Қазақстан Республикасымен шектеседі, ұзындығы 7591 км. Сонымен бірге Каспий теңізі арқылы жалғасады, оның Қазақстандық бөлігінің ұзындығы 600 км. Қазақстанның 14 облысының 9-ы Ресейдің 9 облысы және Алтай өлкесімен шектеседі (1-кесте).

Ресей және Қазақстанның аумағы, халқы және ішкі жалпы өнімі (ІЖӨ)

	Аумақтың ш.ш.	Халқы, мың адам		ІЖӨ 2008 ж., млрд. долл., Халықаралық валюта қоры (ХВК) бойынша	Жан басына шаққанда, ІЖӨ (1 адамға долл.)	
		1998	2008		2000	2008
Ресей	17075,4	146,7	142,0	2087,8	8877	15568
Қазақстан	2724,9	14,9	16,0	167,6	5871	11464
Беларусь		10,0	9,7	60,3	7544	11731

Қазақстанның халқының саны Ресейдің 11,3 %, ал экономикалық әлеуеті — 8 %, жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнімі 73,6 % құрайды, ал Беларусьтен барлық көрсеткіш бойынша алда тұр.

Ресейдің (РСФСР) Кеңес Одағы шаруашылығының өнім шығарудағы үлес салмағы: электр энергиядан — 62,1 %, мұнай — 82,7 %, газ — 38,4 %, көмір — 54,5 %, шойын — 51,1 %, болат — 55,5 %, минералдық тыңайтқыш — 45,8 %, химия талшығы — 60,7 %, металл кесетін станоктар — 46,1 %, тепловоз бен электровоздар — 19,1 %, автомобиль — 87,2 %, трактор — 47,3 %, ауыл шаруашылығы машиналары — 52,9 %, ағаш дайындау — 93,3 %, цемент — 59,8 %, мата — 76,8 %, былғары аяқ-киімі — 49 %, балық аулау және теңіз өнімдері — 70,2 %, қант — 28,5 %, мал майы — 51,2 %, өсімдік майы — 38,9 %, жалпы астық өнімі — 57,1 %, картоп өнімі — 48,9 %, көкөніс — 43,4 %, сүт — 53,3 %, ет — 50,8 %, жүн 49,1 %-ды құрады.

Табиғат байлығы бойынша Кеңес Одағының 55 % темір рудасы, 72 % көмірі, 70 % табиғат газы, 90 % ағаш ресурсы, 40 % ауыл шаруашылығына пайдаланатын жер, 60 % егінжай тиесілі болса, сонымен бірге Ресей никель, алюминий рудалары, химия шикізаттары, мұнай, алтын, алмаз бойынша әлемде жетекші рөл атқарады [1].

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстан мен Ресей арасындағы дипломатиялық қатынас ресми тұрғыда 22 қазан 1992 жылы орнады. Географиялық көрші орналасуы, экономикалық, мәдениеттік байланыстың тарихи қалыптасуына байланысты өткен 19 жылда қарым-қатынас барлық бағытта дамыды.

Қазақстан мен Ресейдің экономикалық сауда қатынасын профессор Р.Алшанов 7 кезеңге бөледі [2]:

- 1 кезең — Қыпшақ даласының орыс княздіктерімен байланысы (200 жыл);
- 2 кезең — Шыңғысхан империясы құрамында (250 жыл);
- 3 кезең — Қазақ хандығы және Московия (270 жыл);
- 4 кезең — Ресей империясы қарамағында (186 жыл);
- 5 кезең — КСРО қарамағында (74 жыл);
- 6 кезең — ТМД елдер қарамағында (19 жыл);
- 7 кезең — Кеден Одағы қарамағында.

Тарихи-географиялық көзқараспен қарасақ, жоғарыда көрсетілген кезеңдерінің бәрінде Қазақстан Ресеймен тығыз байланысты болғанын тұжырымдауға болады.

Ресей мен Қазақстанның қоғамдық-географиялық тұрғыда даму деңгейін табиғи-ресурстық, әлеуметтік-демографиялық және экономикалық әлеуеттеріне баға беру арқылы сараптауға болады. Экономикалық әлеуетінің басты көрсеткіштерінің бірі — сыртқы сауда айналымы (2-кесте).

Қазақстанның сыртқы сауда айналымы, млн. долл. [3]

Жылдар	2000	2005	2006	2007	2008	2009
Барлығы	13852	45201	61927	80512	109073	71600
ЕО	3088	15287	22790	27530	39135	29000
Өзіндік үлесі, %	22,3	33,8	36,8	34,2	35,8	40,5
Ресей	491	9518	12804	16286	19994	12432
Өзіндік үлесі, %	30,2	21,0	20,7	20,2	18,3	17,4
Қытай	673,7	3676	5517	9147	12242	9454
Өзіндік үлесі, %	4,8	8,1	8,9	11,4	11,2	13,2
Украина	335,4	1045	1607	2642	4109	3426
Өзіндік үлесі, %	2,4	2,3	2,6	3,3	3,8	4,8
Орталық Азия	400,2	1373	1296	2465	3112	934
Өзіндік үлесі, %	2,9	3,0	2,1	3,1	2,8	1,3
Беларусь	59,4	234,5	355,3	525,3	567	388,3
Өзіндік үлесі, %	0,4	0,5	0,6	0,6	0,5	0,5

2-кестеге қарасақ, 2000–2009 жылдар аралығында Қазақстанның сыртқы саудасында ЕО елдерінің үлесі 22,3 %-дан 40,5 %-ға дейін, Қытаймен 4,8 %-дан 13,2 %-ға, Украинамен 2,4 %-дан 4,8 %-ға өскенін көреміз. Керісінше, бұл жылдары Ресейдің сауда үлесі 30,2-дан 17,14-ға дейін, Орталық Азия елдері 2,9 %-дан 1,3 %-ға дейін азайғанын көреміз. Мұның себебін Қазақстанның экономикасының ұлғаюынан, әртараптануынан және бәсекелестігінің артуынан деп тұжырымдауға болады.

Сыртқы сауда айналымының өсу қарқынына көз салсақ, 2000–2008 жылдары аралығында өскенін, ал 2008–2009 жылдарындағы кемуін әлемдік қаржы дағдарысымен байланысты ішкі жалпы өнімнің төмендеуімен түсіндіруге болады (2007 жылы өткен жылмен салыстырғанда 108,9 %-дан, 2008 — 103,3 %, 2009 — 101,2 %-ға дейін азайса, 2010 (9 ай) — 107,5-ға өсті.) ЕО пен Қазақстан сауда айналымының ұлғаюы энергия ресурстары, шикізат, қымбат металдардың бағасының өсуіне байланысты. Қазақстанның ЕО елдеріне экспортында жоғарыда көрсетілген тауарлар басым келеді. Ал Ресейден Қазақстанға келетін тауарлар құрылымында өңдеу өнеркәсібінің өнімдері басым болғандықтан, олардың бағасы бір қалыпта болуына байланысты өсу қарқыны бір деңгейде сақталғанын көреміз. Қазақстанның Ресеймен сауда айналымы 10 жылда (1998–2008 жж.) 8 есе өссе, Қытаймен 22 есеге өсті. Бірақ соңғы жылдары Ресейдің Қазақстан мен сауда үлесі төмендеп келеді, яғни көшбасшы ретінде Қытай алға шығуы мүмкін, оны мына кестеден байқауға болады (3-кесте).

3 - кесте

Қазақстан–Ресей және Қазақстан–Қытай сауда айналымы (1990–2009 жж., млн. долл.)

Жылдар	Ресей				Қытай			
	барлығы	экспорт	импорт	сальдо	барлығы	экспорт	импорт	сальдо
2000	4190,6	1751,4	2439,2	-687,8	824,6	673,7	150,9	+522,8
2005	9518,3	2927,1	6591,2	-3664	3675,7	2423,9	1251,8	+1172
2006	12804	3731,1	9072,9	-5342	5517,4	3592,5	1924,9	+1668
2007	16286	4659,1	11627	-6968	9146,7	5639,6	3507,3	+2132
2008	19994	6228,1	13766	-7538	12241,7	7676,6	4565,1	+3111
2009	12432	3542,4	8889,2	-5347	9453,6	5875,2	3578,4	+2297

Қазақстанның жалпы сыртқы сауда айналымы сальдосы оң болса да (экспорттың импорттан басым болуы), Ресеймен сауда айналымында импорт басым болып келеді (2009 жылы импорт — 8083,2; экспорт — 3542,4 млн. долл. болды). Оның себебі рыноктың заңдылықтарынан, яғни, қымбатқа сату, арзанға алу қағидасының жұмыс жасауына байланысты деп ойлаймыз.

Қазақстанның сауда айналымында Қытайдың үлес салмағының артуын әр түрлі себептермен түсіндіруге болады: оның ішінде Қазақстанның шаруашылығы құрылымының Ресейге ұқсас болуы тау-кен өнеркәсібі үлесінің басымдылығы (оның ішінде мұнай-газ өнеркәсібі), техникалық және технологиялық тұрғыда жетілдірудің (реконструкция мен модернизация) баяу жүргізілуі және т.б себептермен түсіндіреміз. Кеңес Одағының ыдырауы, шекараның ашықтығы, экономикалық және саяси келісімдер мен шешімдердің бекітілуі және тағы басқаға қарамастан, Қазақстан Ресей рыногында өзінің мүмкіндігіне сай игерген жоқ. Негізінен Ресейге шикізат шығарылатындықтан, болашақта Қазақстан шаруашылықты әртарапандыру, яғни, 2010–2030 жылдары аралығында инновациялық-индустриалдық бағдарламасын орындау арқылы сауда айналымын 3 есеге ұлғайта алады.

Қазақстан мен Ресей арасындағы экспорттық және импорттық әлеуетін, олардың ара қатынасын және құрылымын 4-, 5-ші-кестеден көруге болады.

4 - кесте

Қазақстан мен Ресей арасындағы экспорттық әлеует, өсу қарқыны және құрылымы, мың. т

Тауарлар түрлері	Жылдар			
	2000	2007	2008	2009
1	2	3	4	5
Көмір	24526,2	23021	29246,4	23760,9
Темір рудалары	6140,2	12295,6	11595,9	8343,5
Газ	40771	6637	6960,1	6749,5
Глинозем	1205,6	1283,3	1378,9	1358,5
Хром рудалары	536,7	840,5	692,6	700,3
Саздар	1080,9	880,4	698,8	463,2
Марганец рудалары	502,7	480,7	574,7	423,3

1	2	3	4	5
Кварц	–	11,9	150,9	237,2
Құмдар	25,9	189,7	203,9	185
Қарбыз, қауындар	26,3	36,3	39,2	139,1
Мыс рудалары	122,3	63,9	130,1	125,4
Бидай	1977,7	459,6	147,7	111,6
Фосфаттар	15,0	32,4	166,4	60
Қиыршық тастар	34,5	419,6	623,8	57,1
Пияз	62,4	86,7	48,1	50,3
Мырыш рудалары	2,2	57,6	50,9	48,8
Мақта	113,3	86,3	30,9	43,5
Арпа	410,6	56,6	55,2	28,7
Капуста	–	14,9	24,5	20,7
Подшипниктер	8,3	28,9	28,5	12,6
Томаттар	–	29,2	25,9	10,5
Аккумуляторлар	8,7	15,9	13,2	6,5

Ресей Қазақстанға мыңнан астам тауарларды экспорттайтын бірден-бір ел. Керісінше, Қазақстанның көптеген тауарларын тек қана Ресей сатып алады. Қазақстан Ресейге негізінен тау-кен өнеркәсіп өнімдерін шығарумен, оның ішінде көмір, темір рудасы, газ, глинозем, хром және марганец рудалары басым келеді. 2009 жылы Қазақстанға шығарылатын Ресей тауарлары 6 млн. т шамасында болса, Қазақстанның Ресейге шығарылатын тауарлары 7 есеге артық болды. Ал, 1 т қазақстандық экспорттық тауардың бағасы 84 мың долл. болса, Ресейден импорттайтын тауарлардың 1 т 1,5 млн. долл., яғни, айырмашылығы 18 есеге тең. Қазақстандық экспорттың құрамында шикізат басым болғандықтан, Ресейге ұтылып отырғанымыз көрініп тұр. Сондықтан қосымша күн беретін өңделген өнімді өндіру және экспорттау, сонымен бірге ішкі жалпы өнімдегі экспорттың үлесін арттыру (Қазақстан — 47,2 %, Ресей — 40 %) Қазақстанның басты стратегиялық мақсаттарының бірі деп айтамыз.

5 - кесте

Қазақстан мен Ресей арасындағы импорттық әлеует, өсу қарқыны және құрылымы, мың. т

Тауарлар түрлері	Жылдар			
	2000	2007	2008	2009
Жанар және жағар майлар	1027,8	1951,4	2100,7	1489
Цемент	264,7	1282,6	390,0	908,4
Кокс	588,8	651,9	685,6	605,9
Мұнай-кокс	95,0	462,2	457,6	470,9
Тілінген ағаш материалдары	165,1	212,4	418,7	421,6
Құбырлар	199,9	283,1	348,9	192,1
Минералды тыңайтқыштар	118,2	155,9	135,7	171,5
Теміржол вагондары	36	56,3	112,2	109,7
СЖЗ	38,0	84,1	89,5	88,2
Қағаз, картондар	53,9	41,2	63,3	65,4
Теміржол құрал-жабдықтары	29,4	112,2	113,6	87,5
Қара металлургия құрал-жабдықтары	263,2	421,7	17,5	65,4
Шпалдар	103,9	76,3	74,0	64,1
Өңделмеген ағаш материалдары	77,8	88,2	66,9	52,7
Полимерлер	12,3	25,3	29,4	22,6
Бояулар, лактар	15,6	25,2	21,6	22,6
Линолеум	1,2	3,8	4,0	7,5
Сабын	17,1	25,3	28,9	6,1
Винттер, болттар	–	8,9	21,8	5,3
Дәрілер	3,2	6,2	5,6	3,9
Вакса	–	3,6	3,9	3,6

Қазақстан мен Ресей арасындағы екіжақты келісім мен құқықтық-зандылық негізі мына ынтымақтастық құжаттарда: «Достық және өзара көмек туралы келісім» (25 мамыр 1992 ж.); «Әскери ын-

тымақтастық келісім» (28 наурыз 1994 ж.); «Мәңгі достық және Одақтастық туралы декларация» (1998 ж.); «Мемлекеттік шекара туралы келісім» (2005 ж.) екі елдің Президенттері қол қою арқылы бекітілген. Бұл құжаттар мемлекетаралық екіжақты өзара қарым-қатынастың құқықтық негізіне айналды. Қазақстан мен Ресей тарихи қалыптасқан өзара достық байланыстары мемлекеттік тәуелсіздікті, аумақтық тұтастықты және шекараның мызғымастығын, дау-дамайларды бейбіт жолмен реттеу, күш жұмсамау және қауіп-қатер тудырмау, мемлекеттің ішкі мәселелеріне қол сұқпау, тең құқықтық, адам құқығы мен еркіндігін сақтау, қабылданған міндеттерді адал атқару, сонымен бірге әлемде бейбітшілікті сақтау, Еуразия кеңістігінде тұрақтылықты сақтау, ұлттық қауіпсіздік, саяси тұрақтылық, ұлтаралық келісім, екі елдің өркендеуі, өзара түсінушілік қағидаларына негізделген.

Қазақстан мен Ресей арасындағы байланыстың басты түрлерінің бірі — шекаралық және аймақтық ынтымақтастық. Осы бағыттағы жұмысты жандандыру үшін 1999 жылдың қыркүйегінде Үкіметаралық келісімге қол қойылды және «ҚР мен РФ шекараға жақын аймақтарындағы ынтымақтастық туралы» 1999–2007 жж. арналған бағдарлама қабылданды. Бұл бағдарламаны іске асыруға Қазақстанның 7 облысы: Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ресейдің 12 субъектісі: Волгоград, Астрахан, Саратов, Қорған, Челябин, Орынбор, Омбы, Алтай өлкесі, Новосібір, Самара, Екатеринбург, Тюмень облыстары атсалысты. Қазіргі уақытта Қазақстан Ресейдің 76 субъектілерімен экономикалық сауда байланысын жасайды, олардың үлесіне 70 % сауда айналымы көлемі келеді.

ҚР мен РФ әскери және әскери техника саласындағы ынтымақтастық «Әскери ынтымақтастық туралы шарт пен әскери техникалық ынтымақтастық туралы келісім» (25 наурыз 1994 ж.) аясында жүзеге асуда. Қазақстандық әскери қызметкерлер Ресейдің оқу орындарында әр түрлі жеңілдіктермен білім алып жатыр.

Қазақстан мен Ресей арасында энергетикалық ынтымақтастық басты рөл атқарады. Қазақстан мұнайы Атырау–Самара және «Каспий мұнай құбыры консорциумы» (Теңіз–Новороссийск) мұнай құбырлары арқылы Еуропа елдеріне жеткізіліп, халықаралық энергетикалық қауіпсіздікті сақтауға қатысады. Қазақстанның мұнай рыногында Ресейдің «Лукойл» және «Роснефть» ААҚ компаниялары жұмыс жасайды. Алғашқысы Каспий қайраңын игерудің 4 жобасы мен құрлықта мұнай өндірудің 7 жобасына қатысады, оның ішінде Құмкөл тобы, Қарашығанақ, Теңіз, Ақтөбе мен Маңғыстау облыстарында бірқатар кен орындарында мұнай өндіру жобалары бар. Мысалы, «Лукойл», «ҚазМұнай-Газ» ҰҰҚ-мен бірге Каспий теңізіндегі Түпқараған, Аташ кен орындарын игеруде. «Роснефть» компаниясы Адай тобы мен Құрманғазы мұнай кен орындарын игеруге жұмыс жасап жатыр. 2008 жылы Орал қаласында өткізілген шекаралық облыстардың форумында Орынбор газ өңдеу зауытын кеңейту арқылы Қарашығанақ газын өңдеу туралы екіжақты келісім жасалды [4].

Екі елдің арасындағы экономикалық байланыстың басты түрлерінің бірі — Қазақстанның инновациялық-индустриалдық бағдарламасын игеруге қатысу, оның ішінде ғарыш пен атом саласындағы ынтымақтастықтар. 2004 жылы Астана қаласында Байқоңыр ғарыш айлағын жалдауды 2050 жылға дейін созуға шешім қабылданды. Бұл келісімнің ерекшелігі — ғарыш бағдарламалар мен жобаларды игеруге Қазақстанның жан-жақты қатысуы. Оның ішінде «Бәйтерек» ғарыш-зымыран жобаны іске асыру, «KAZSAT-2» қазақстандық 2-ші спутникті орбитаға шығару және т.б. бірнеше космостық жобалар қарастырылуда. Қазақстанда уран рудасы кен орындарын өндіру, байыту мен өңдеу келісімдері жасалып, шет елдерде кіші және орташа атом энергия блоктарын салуға қатысуда. Посткеңестік кеңістікте интеграциялық жобаларды, оның ішінде ТМД елдерінің болашақтағы даму концепциясын іске асыруда екі мемлекет жетекші рөл атқарып келеді.

Қорытындылай келе, Қазақстанның инновациялық-индустриалдық бағдарламасын іске асыра бастауына байланысты, экспорттың жалпы көлемін өсіру және ішкі жалпы өнімдегі үлесін арттыру үшін Ресей елімен сыртқа сауда айналымын дамытуда мына бағыттарға ерекше көңіл бөлу керек деп ойлаймыз. Олар:

- сауда географиясын кеңейту;
- экспорттың құрылымын өзгерту;
- қызмет атқару саласы үлесін арттыру;
- бірлескен жобаларды игеруді ұлғайту;
- шетелдік тікелей инвестиция көлемін арттыру және ірі инвестициялық жобаларды игеру;
- әр түрлі бағыттағы ғылыми-техникалық байланысты дамыту;
- Дүниежүзілік сауда ұйымына ену.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Плисецкий Е.Л. Россия в международном разделении труда // География в школе. — 2008. — № 2.
- 2 Алианов О.Р. Экономика Центральной Азии: перспективы и взаимодействия // Казахстанская правда. — 2009. — 17 июля.
- 3 Казахстан и страны СНГ. 2003–2009 гг. — № 1. — Астана: Агентство статистики, 2009.
- 4 Қожахмет М., Ақыжанова А.Ш. Қазақстан жаһандану әлемінде // Орталық Қазақстандағы географиялық білім: Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ география кафедрасының 20 жылдығына арн. аймақ. ғыл.-тәжір. конф. жин. — Қарағанды, 2010. — 62–67-б.

М.Кожакмет, А.Ш.Ақыжанова

Экономико-географическая оценка отношений между Казахстаном и Россией

В статье рассматриваются некоторые проблемы экономико-географических связей между Казахстаном и Россией: внешний товарооборот, внутренняя валовая продукция, экспортный и импортный потенциал и их динамика, структура, взаимоотношения. Авторами затрагиваются проблемы прямых инвестиций, технико-экономические и транспортные связи, совместное строительство предприятий.

M. Kozhakhmet, A.Sh.Akyzhanova

Economic-geographical estimation the relation between Kazakhstan and Russia

In article some problems economic-geographical communications between Kazakhstan and Russia on macro-economic indicators are considered. They are external trade, gross domestic product and import capacity and their dynamics, structure relations. And also, problems of the direct investment, technical and economic and transport communications, joint buildings the enterprise are mentioned.